

УДК 323.2:37.034

Т. К. Бурбаев,
философия ғылымдарының докторы, профессор;
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
мемлекеттік басқару академиясы
«Әлеуметтік-басқарушылық технологиялар»
кафедрасының меңгерушісі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың өзекті мәселелері және оның негізгі себептері мен факторлары талданып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тәуелсіздік пен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудың негізі ретінде сөз болады.

Тірек сөздер: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қоғамдық сана, азаматтық белсенділік, менталитет, руханилық, ар, ұят.

Аннотация

В статье рассмотрены актуальные проблемы формирования антикоррупционной культуры современного общества, анализируются причины и факторы, которые влияют на ее формирование обосновывается необходимость рассмотрения формирования антикоррупционной культуры как основы независимости и реализации национальной идеи «Мәңгілік Ел».

Ключевые слова: антикоррупционная культура, общественное сознание, гражданская позиция, менталитет, духовность, честь, совесть.

Abstract

In article it is considered actual problems forming of anti-corruption culture of modern society, analyses the causes, the factors that influence the formation of anti-corruption culture, substantiates the need to consider the formation of an anti-corruption culture as a basis for independence and the realization of national idea «Mangilik El».

Keywords: anti-corruption culture, social consciousness, citizenship, mentality, spirituality, honor, conscience.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес, бүгінде қоғамның өзекті мәселесіне айналып отыр. Оның қоғам өмірінің барлық саласына таралуы мемлекеттік жүйенің ырғақты жұмыс істеуіне, еліміздің қауіпсіздігіне ерекше әсер етуде. «Қазақстан – 2050» стратегиясында сыбайлас жемқорлықты мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін әлеуметтік індет ретінде қарастырылып, онымен күресуге қоғам мен мемлекет бірігіу қажеттігі айтылған болатын. Елімізде 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия да қабылданды. Еліміз үшін бұл маңызды құжатта: «қоғамда етек алған сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқару тиімділігіне, инвестициялық таратымдылыққа, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына өзінің жағымсыз әсерін тигізіп отыр» – деп көрсетілген» [1]. Сонымен бірге, аталған құжатта сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабу үшін оған қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселесі қарастырылып, бұл жолда мемлекет пен қоғамның өзара байланысы мен серіктестігін нығайту мәселесі сөз болған. Жоғарыдан жүргізілген шаралардың тиімсіздігі мойындалып, сыбайлас жемқорлыққа қалың бұқара халықты тарту, қоғамдық бақылауды күшейту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қазақстандықтардың азаматтық позициясын күшейту мәселесі де айтылған. Қазақстан азаматтардың арының тазалығын қалыптастыру, олардың адалдығы мен принципшілдігін, ақшаға сатылмайтындығын күнделікті өмір сүру қалпына айналдырудың маңыздылығы атап өтілген. Бұл жолда қоғам институттарының әсіресе, отбасы, қоғамдық ұйымдар, жоғары оқу орындары, партия, кәсіподақ, БАҚ-ының маңыздылығы атап өтіліп, олардың қоғамдық бақылауды дамытуға өзіндік ықпалының бар екендігі айтылған. Қазақстандықтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетін қалыптастыру ерекшелігі, өзектілігі мен маңыздылығы да ойдан тыс қалмаған. Оның ішінде

құқықтық сана мен мәдениетті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы этиканы қалыптастыру барысында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарын пайдалану қажеттілігі атап көрсетілген. Міне, осы аталған себептерді талдау сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, әлеуметтік орта пәрменділігін күшейтуді қажет етеді. Өз кезегінде бұл шаралар қазақстандықтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы менталитетін қалыптастыруға өз әсерін тигізері сөзсіз.

Сонымен бірге, бүгінгі қоғамдық санада сыбайлас жемқорлық туралы тұрақты деңгейде қалыптасқан сыңар жақты ойлар мен стереотиптер бар екені сөзсіз. Егер де әртүрлі пікірлерді бір арнаға тоғытып түйін жасайтын болсақ – сыбайлас жемқорлық, тек мемлекеттік құрылымдарға ғана тән, мемлекеттік қызметте ғана орын алып отырған құбылыс деген пікірдің қоғамдық санада басымдыққа ие болып отырғанын айта аламыз. Әрине, оның өзіндік объективтік себептері бар екені де сөзсіз. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттік басқару жүйесінде орын алып отырғаны, мемлекеттік қызметшілердің заң алдына жауапқа тартылып, қылмыскер атанып жатқаны да, сыбайлас жемқорлықтың мемлекет жүйесінде кең етек алып отырғаны да жасырын емес. Десек те, сыбайлас жемқорлықтың кейбір көріністері қоғам өмірінің басқа да салаларын қамтып, күнделікті өмір салтының ажырамас құрамдас бір бөлшегіне, күнделікті дағдылы жағдайға да айналып отырғаны белгілі. Олай болса, сыбайлас жемқорлық тек мемлекеттік жүйелерге тән қасиет деген пікір сыңар жақты. Ол қоғам институттарының басқа да салаларын қамтыған. Сондықтан да сыбайлас жемқорлықты жалпы қоғамға, мемлекетке, халыққа төніп тұрған қауіп ретінде қарастыру бұл мәселеге кең, жүйелі тұрғыдан қарауға және оның көріністерін жан-жақты талдап, бір жүйелілік сипат беруге мүмкіндік жасайды. Бұл, біз жазып отырған мақаланың басты ерекшелігі және артықшылығы да осында болса керек. Ол үшін, сыбайлас жемқорлық дегеніміз не деген сұраққа жүйелілік тұрғысынан жауап беріп көрелік. Айта кетер жайт, сыбайлас жемқорлық туралы анықтамалар мен түсініктердің көптігі мен әр қырлылығы. Бұл дегеніңіз сыбайлас жемқорлық феномені мазмұнының күрделі екендігін көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге, оған тек жүйелілік тұрғысынан қарау қажеттігіне деген сұранысты күшейте түседі.

Бүгінгі ғылыми әдебиеттерде сыбайлас жемқорлық туралы айтылған ойларды бір арнаға тоғытып, жүйелейтін болсақ, сыбайлас жемқорлық – пара беріп сатып алу, аузын майлау, аяқ асты өзгеріп кету, алааықтық, бұрмалау, заңды белінен басу, ар-абыройдан жұрдай болу, біреуді ақшамен сатып алу, мемлекеттік қызметті өзінің жеке басының пайдасына жарату, мемлекеттің мүддесін сату, заңсыз жолмен баю, сатқындық, заң бұзушылық және т.б. [2]. Көріп отырғандай сыбайлас жемқорлықтың көріністері мен сипаттары әртүрлі. Десек те, осы аталған көрсеткіштердің барлығының негізінде жатқан ол – адам құқықтарын бұзу, қоғам, мемлекет, жеке адам арасында заңсыздыққа, әділетсіздікке негізделген қатынастарды орнату болып табылады. Әрине, сыбайлас жемқорлық әлеуметтік жауыздық ретінде бүгін пайда болған жоқ. Оның тарихы адамзат баласымен бірге жасасып келе жатқаны белгілі. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттік басқаруға тигізер зияны туралы, қоғамды рухани тұрғыдан ыдыратудың бір көзі ретінде грек ойшылдары Платон мен Аристотельде, шығыс ойшылы әл-Фараби де айтқан болатын. Бүгінгі күнге келер болсақ, заман ағымына сай сыбайлас жемқорлықтың сипаты өзгергенмен мақсаты сол қалпында қалып отырғаны рас. Олай болса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзінің әдіс-тәсілдері мен тетіктерін одан әрі жетілдіре түсуі керек. Сондай тетіктердің бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам мүшелерінің мәдениетті мен санасын, дүниетанымы мен құндылықтар жүйесін, рухани ұстанымдарын іске қосу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың бүгінде маңызды екенін мемлекет, қоғам дұрыс түсініп отыр. Себебі, қылмыс жасалынып болғаннан кейін жемқорды тек жазалаумен немесе түрмеге қамаумен бұл салада түбегейлі өзгеріс болмайтыны айдан анық. Сондықтан да қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы «нөлдік төзімсіздікті» қалыптастыра отырып, білім мен тәрбиенің, мәдениеттің бетін бұру бүгінде маңызды шаралардың бірі болып отыр. Сол жағдайда ғана, біз болашақ тұлғаның санасы мен

дүниетанымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастырып, оның бойында осы мәселеге қарсы құндылықтар жүйесін қалыптастыра аламыз. Сондықтан да тұлғаның әлеуметтенуінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызы зор.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет рухани мәдениеттің құрамдас бір бөлігі. Этикалық тұрғыдан сыбайлас жемқорлық қашан да адамгершілікке жат және моральдық тұрғыдан айыпталатын қылық. Десек те, нарықтық экономика жағдайында қоғам дамуының рухани негізі болып табылатын шынайы моральдық-этикалық құндылықтар адамдар іс-әрекетінің өлшемі болудан қалып, оның орнын гедонистік сипаттағы құндылықтар баса бастады. Нәтижесінде бақытқа жетудің негізгі жолы өмірден ләззат алу, жеке бас үшін ең маңызды қажеттілік – материалдық құндылық деген түсінік қалыптасты. Мұндай утилитарлық этика бүгінгі сыбайлас жемқорлықтың негізі, қайнар көзінің бірі десек артық айтпаған болармыз. Әрине, сыбайлас жемқорлықтың басқа да негіздері бар екені сөзсіз. Қазіргі кезде оның әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, саяси, психологиялық астарлары да ерекше талдауды қажет етеді. Ол туралы сәл кейінірек тоқталамыз.

Бүгінгі Қазақстан жағдайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда оның басты субъектілері ретінде: студент жастар, мемлекет қызметшілері, кәсіпкерлер, сот және құқық қорғау органдарының және қорғаныс саласының өкілдері, мектеп, жоғары оқу орындарының қызметкерлері мен ұстаздары, бизнес өкілдері және т. б. атап өтуге болады. Осы аталған субъектілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық белсенділігін, білімі мен тәрбиесін, интеллектуальдық, моральдық, этикалық мәдениетін арттыру, осы бағытта ағартушылық жұмыстарды жандандыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың негізгі бағыттары болып табылады. Аталған шаралар түптеп келгенде Қазақстан азаматтарының бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті күшейтіп, оның әлеуметтік зұлымдық екенін танып білуге, оны мемлекетке төніп тұрған қауіп ретінде сезінуге, қоғамның рухани азғындауына жол бермей тосқауыл қоюына жол ашады.

Сонымен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғалық қасиеттің дамуын және оның санасындағы құқықтық мәдениеттің ахуалын көрсетеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық білімді заңдық негізде пайдалануға үйретеді. Өз кезегінде мұндай субъективтік ұстаным қоғамдағы құқықтық қатынастарды реттеуге және әртүрлі әлеуметтік топтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүдделерін бір арнаға тоғыстырып, азаматтардың заңды нақты орындауға оң ықпалын тигізеді сөзсіз. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтардың құқық туралы түсініктері мен ұстанымдары кей жағдайда олардың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің қозғаушы, ынталандырушы күші болатыны, заңды қорғау мен талап етуге келгенде олардың белсенділіктерінің негізі болатыны да белгілі. Сондықтан да қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қажеттілігі арта түсері сөзсіз.

Жоғарыда айтылған жағдайды жүзеге асыруда білім мен тәрбиенің рөлі зор екені белгілі. Әсіресе бұл істе білім беру жүйесіне ерекше міндет жүктелуде. Десек те, Қазақстан білім беру кеңістігі сыбайлас жемқорлықтан мүлдем тазарды деп айта алмаймыз. Сыбайлас жемқорлықтың ең көп тараған түрі – пара беру мен пара алу әлі де болса жалғасып, білім кеңістігін моральдық тұрғыдан улап, білім сапасын төмендетуде, студенттердің білім алуға деген ниеті мен ынта-жігерін шектеп, бәсекеге қабілетсіз, кәсіби біліктілігі мен қабілеті төмен мамандарды дайындауды әлі жалғастыруда. Пара беруді үйреніп, бәрін ақшаға сатып алуға болады деген түсінікпен қаруланған мамандардан болашақта не үміт күтуге болады? Олар бұл кәсібін басқа салаларда да жалғастырады сөзсіз. Себебі, оның санасында пара беру немесе пара алу мәдениетсіздікке, моральдық тұрғыдан айыпталмайтын құбылыс деген түсінік қалыптасып, керісінше, ол шеберліктің, «иненің көзінен өтетін» ептіліктің, қандай да болмасын шаруаны тез шешудің басты тәсілі деген түсінік қалыптасары сөзсіз. Ол аз болғандай, сыбайлас жемқорлыққа деген жүрдім-бардым қарау, оған қарсы тұрмау, тезу психологиясы да қалыптасады. Сондықтан да білім беру саласында жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жандандыру үшін, оның негізгі себептерінің астарына үңілу керек. Біздің ойымызша, білім саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ағартушылықтан, яғни сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік індет, мемлекеттің қауіпсіздігіне келтіріліп отырған зор

нұқсан екенін түсіндіруден, халық мүддесін, отанды сату мен пара-пар деген түсінікті жастар санасына сіңіруден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен іс-әрекетті қалыптастырудан басталса керек. Пара беру мен пара алуды болдырмауға жол бермеген жастарға қолдау көрсетіп, оларға бүгінгі күннің патриоттары, Қазақстанның шынайы азаматтары ретінде қарайтын көзқарасты қалыптастыру қажеттілігі туындауда. Өз кезегінде мұндай қадам жастардың ментальдық ұстанымдарын өзгертіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жастардың белсенділігі мен білімін арттырып, білім беру жүйесінде оң өзгерістер әкелуге ықпал етер еді. Өкінішке қарай, көп жағдайда студент жастар сыбайлас жемқорлықпен қалай күресудің тәсілдері мен жолдарын біле бермейді және тәжірибелері де аз болуы мүмкін. Сондықтанда жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімі мен мәдениетін көтеру маңызды іс болып қала бермекші.

Әрине, білім беру саласында сыбайлас жемқорлықтың түрлері мен себептері өте көп. Негізгі себептері ретінде мыналарды атап өтуге болады: бюджет қаржыларын тиімсіз пайдалану, ұстаздардың жалақысының аздығы, олардың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қорғалуы, ұстаздарды аттестациялау жүйесінің тиімсіздігі, студенттердің білім алуға ынтасыздығы, жекеменшік жоғары оқу орындарының білімнен пайданы жоғары қоюы және т. б. себептерді атауға болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда БАҚ-тың атқаратын рөлінің маңызды екенін атап өткен жөн. БАҚ беттерінде сыбайлас жемқорлыққа байланысты жарияланған материалдар көпшіліктің назарына ілініп қана қоймайды, сонымен бірге ол тәрбие көзі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімді, сананы қалыптастырады. БАҚ бетінде сыбайлас жемқорлық туралы жарияланған материалдар қоғамдық пікір тудырып құқықтық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді. Әрине, көп жағдайда бұл мәселенің анық-қанығын дұрыс анықтап, салиқалы пікір, ой айту журналистің кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты екені сөзсіз. Десек те, соңғы кездері ақпарат құралдары беттерінде сыбайлас жемқорлық туралы терең ойлы мақалалардың жазылмай жүргені жасырын емес. Оның ішкі себептерін зерттеу мен зерделеуден бұрын, болған оқиғаны жалаң баяндау басымдылыққа ие болуда. Көп жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары кейбір жеке немесе заңды тұлғалардың тапсырмаларын орындаумен шектеліп келеді. Бұдан қандай қорытынды шығуы мүмкін? Біздіңше, қоғамда БАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді құралы ретінде қарамау жағдайы қалыптасып отыр. Өйткені, БАҚ көп жағдайда әлі де болса иелеріне тәуелді болып қалуда. Өз кезегінде мұндай жағдай БАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудан алшақтата түсетіні сөзсіз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда қоғамдық бақылау рөлінің де маңызы зор. Қоғамдық бақылаусыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мүмкін болмай отыр. Қоғамдық бақылау өз кезегінде азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттік емес ұйым жұмыстарын одан әрі жандандыруды талап етуде. Олар мемлекеттік ұйымдармен тығыз байланыс орнатып, халыққа қызмет көрсетудің сапасын арттыруға белсенді араласу қажеттігі туындауда. Сондықтан да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың бірден-бір көзі қоғамдық бақылау жұмысын жандандыру болмақшы. Өкінішке қарай, Қазақстанда қоғамдық бақылау әлі де болса әлсіз күйінде қалуда.

Қоғамдық бақылау жұмысын жандандырудың бір көзі, ол бұқара халықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмылдыру болып табылады. Ол үшін бұқараны мемлекеттік қызмет ісіне, жергілікті жерлердегі өзін-өзі басқару ісінде шешім қабылдау деңгейіне белсенді араласуды қамтамасыз ету қажеттігі туындайды. Ол үшін мемлекеттік жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен мемлекеттік органдардың қызметін ашық та жария негізде жүргізуді қамтамасыз ету керек. Бұл жөнінде «Мемлекеттік қызмет туралы заңда» ашық айтылған [3]. Заңдық негізде билік пен халық арасындағы байланысты нығайту, азаматтық белсенділікті арттыру мемлекеттік басқару жүйесі қызметінің тиімділігін арттырумен бірге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырады және болашақ әлеуметтік қайшылықтардың алдын алуға өз септігін тигізеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру барысындағы қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыратын бірден-бір жағдай – ол тәуелсіз БАҚ және ақпаратқа қол жетімділік. Сондықтан да осы мәселелерге назар аудара отырып, журналист мамандардың кәсіби біліктілігін шыңдауда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырары сөзсіз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың тағы бір маңызды саласы, ол мемлекеттік қызметтің өзі. Сыбайлас жемқорлықтың ең көп тараған түрі де осы – мемлекеттік қызмет. Нақты айтар болсақ, мемлекет бюджеті қаражатын талан-таражға салу, қызмет бабын пайдалана отырып, өз басының немесе белгілі бір топтардың мүддесін қорғау, заңсыз негізде сыйлық, материалдық құндылықтарды алу, пара алу, бопсалау және т. б. жатқызуға болады. Осы аталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың әртүрлі жолдары бар екені белгілі. Десек те, мемлекет қызмет саласында кенжелеп, мемлекет қызметінің құқықтық белгісіне айналмай отырған мәселе ол – сыбайлас жемқорлықты болғызбаудың, алдын алудағы жариялылықтың жоқтығы. Мәселен, «Мемлекеттік қызмет туралы заң» талабы бойынша, егер де мемлекеттік қызметші сыбайлас жемқорлық туралы шынайы ақпарат білетін болса, оны жасырмай жоғары басшылыққа ол туралы ақпарат беруі тиіс. Сонымен бірге, ол заңда мемлекеттік қызметші ол туралы жазба түрінде жоғарғы жақты хабардар етуге міндетті. Ал шындығында қалай? Егер де, сен сыбайлас жемқорлық туралы біле тұрып жоғарғы жаққа хабар бермесең де саған ештеңе болмайды. Ал, білгенінді жоғарғы жаққа жеткізсең, сенен асқан «өсекші» сөз тасушы адам жоқ. Нәтижесінде, сен көпшілік алдында ыңғайсыз жағдайға қаласың, сенен жұрт сырт айналып өтетін болады. Бұл дегеніңіз, біздің қоғамның әлі де болса мәдени, ментальдық тұрғысынан әлі де дайын еместігін, «көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз» деген ұстаным жетегінде қалып отырғанын көрсетеді. Демек, қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті осы бағытта да қалыптастыра білуі керек. Мемлекет органдары бұл істе бастамашы болуы тиіс. Егер де азаматтар саналық танытып, азаматтық ұстанымдарын білдіріп жатқан болса, оларды заңды түрде қорғау, ынталандыру мәселесі де нақты жолға қойылғаны дұрыс. Өзірге азаматтық құқықтық сана деңгейінің төмендігінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенділік жеткіліксіз болып тұр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың негізі экономикалық қатынастардың дамуымен тікелей байланысты. Экономикалық қатынастар өркениеттік тұрғыдан неғұрлым дамыған сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасатыны сөзсіз. Десек те, әділетсіздік негізде бөліске түскен капитал мен байлықты, ақшаны көлеңкелі экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналдыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы негізгі кедергі болатыны сөзсіз. Өз кезегінде сыбайлас жемқорлықта әлеуметтік құбылыс ретінде экономиканың қарқынды, тиімді, өнімді дамуына кедергісін тигізеді, адамдардың еңбекке деген қатынасы мен ынтасын төмендетіп, еңбектің моральдық, этикалық астарына нұқсан келтірері сөзсіз. Сондықтан да көлеңкелі экономикамен күрес неғұрлым пәрменді болса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет те қалыптаса бастайды.

Бір сөзбен айтқанда, осы мақаланы жазу барысында мынандай тұжырымдар жасауға болатынына көзіміз жетті:

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда қоғам институттарының рөлі зор. Мемлекет және азаматтық қоғам институттары саяси партиялар, кәсіподақ, БАҚ, жалпы қоғам болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырмайынша, қоғамның дамуын, оның өркениеттік сатыға көтерілуін қамтамасыз ете алмаймыз. Тәуелсіздікті қорғау мен баянды ету, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру үлкен моральдық, рухани кедергілерге тап болады;

– бүгінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің дұрыс қалыптаспай отырғанын қоғамның рухани, моральдық жағынан азғындауымен тікелей байланыста қарауымыз керек. Бүгінде моральдық, этикалық, рухани құндылықтар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте дәрменсіздік танытып отыр. Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың кең етек алып, күнделікті өмірде үйреншікті жағдайға айналып, қылмыс түрлерінің көбейіп отыру себебі де осында;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға кедергі болып отырған тағы бір жайт, ол қоғамда жаппай тұтынушылық пен қайта бөлісу үдерісінің кең етек алып отырғаны. Еңбек этикасының шетінеуі, адамдар қарым-қатынасының заттық сипат алуын атап өтуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 *Антикоррупционная стратегия Республики Казахстан на 2015–2025 годы. Астана, 2014.*

2 *Основы противодействия коррупции: учебное пособие / под ред. И. И. Рогова, К. А. Мами, С. Ф. Бычковой. – Алматы: ОФ «Транспаренси Казахстан», ОФППИ. – «Интерлигал» в Казахстане, 2004. – 328 с.*

3 *О государственной службе Республики Казахстан: Закон Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 416-V*

Дата поступления статьи в редакцию 29.02.2016